

their public danger.

Main factors for the appearance of extremism are socially - economical crisis and an abrupt fall in level of life of local population.

Statistical data on unemployment in the world, and Kazakhstan, as well as the progress of implementation of the state program of employment. Extremism can also appear on the nature of some international events, activating military action.

Under the guise of supporting democracy stimulated international political extremism as a continuation of the informational war. Recommended the further improvement of the law on religion and religious activities, the law on combating extremism.

A fall in the standard of living of the local population has an outflow of foreign financial country's funding.

The article provides guidance on the need to improve the regulatory - legal framework of the country's financial security theory.

Key words: Political, financial, religious extremism; Social crisis; Informational war; Corruption; Theory of financial security; Legal awareness.

FTAXP 10.27

А.А. Аманкожаев¹

¹*Сулейман Демирел атындағы Университет, Қаскелен, Қазақстан*

НЕКЕГЕ ТҰРУШЫЛАРДЫҢ НЕКЕ ЖАСЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа: Мақалада Қазақтан Республикасының Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексінің оныншы бабында «Неке (ерлі-зайыптылық) жасы» тақырыбымен реттелген, некеге тұру жасы мен неке жасын Азаматтық Хал Актілерін Тіркеу органы тарапынан төмендету шарттары талқыланған. Аталған бап шарттарын талқылау кезінде, ережелердегі олқылықтар талқыланған және доктринадағы пікірлер ескеріліп түйіндемелер жасалған.

Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексінде реттелген неке жасын төмендету мәселесіне байланысты істі шешу Азаматтық Хал Актілерін Тіркеу органынан алынып сот құзыретіне берілуіне байланысты ережелер ұсынылады. Неке жасын төмендетудің АХАТ органында емес, сотта қаралуына байланысты оныншы баптың өзгертілуіне байланысты жаңа мәтіні ұсынылған. Аталған баптағы ұсыныстарға анықтамалар беріліп, талқыланады. Жаңалықтар Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексінің оныншы бабынан басқа ҚР Азаматтық Іс жүргізу Кодексіне де істің сотта қаралуына байланысты тиісті өзгерістердің жасалуы ұсынылған.

Кілт сөздер: Неке жасы, неке жасын төмендету, жүктілік

жағдайында неке қию, ортақ бала туылғанда неке қию, неке жасын төмендету талаптары, кәмелетке толмағандар арасында неке қию, АХАТ органында неке жасын төмендету, неке жасы некеге тұру талабы ретінде, неке жасына байланысты құқықтық мәселелер, НОТК 10 бабы.

Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексіміз (кейініректе НОТК) неке қиюдың шарттары деген тақырыппен, некеге тұрушыларда болуы және болмауы тиіс мән-жайларды қарастырған [1]. Осы айтылғаннан да түсінікті болатындай жалпы некеге тұру үшін неке қиюшыларда болуы және болмауы тиіс мәнжайлар некенің материалдық шарттары деп айтамыз. Некенің материалдық шарттарын да оңтайлы және теріскей деп арасында тағы бөлуге болады. Некенің оңтайлы материалдық талаптарының бірі болған неке жасы шартын осы мақалада талқылап, өзіндік ұсыныстарымызды жасаймыз.

Осы мақалада қарастырып отырған неке жасын, яғни екеге тұрушыларда заңнамада белгіленген болуы тиіс мән-жайларды қарастырамыз. Басқаша айтсақ, некеге тұрушылардың некеге тұру қабілеті деуге де болады [2;117]. Бұл мәселе НОТК 10 бабында қарастрылған және НОТК неке жасына байланысты екі түрлі неке жасын анықтаған, жалпы және айрықша неке жасы.

Жалпы неке жасына орай НОТК 10 бабының 1 тармағы (НОТК 10/1) былай деген: *«Неке (ерлі-зайыптылық) жасы еркектер мен әйелдер үшін он сегіз жас болып белгіленеді»*. Алайда НОТК осы анықтамасын ҚР Азаматтық Кодексіміздің (ҚРАК) 17 бабымен бірге талқылауымыз тиіс. Себебі отбасы құқығы, доктринадағы басым пікірге сәйкес, азаматтық құқықтың бір бөлімі деп қабылдануда [2; 35]. Олай болса, азаматтардың толық әрекет қабілеттілігі ҚРАК 17/1 сәйкес 18 жасқа толғанда пайда болады. Осылайша НОТК 10/1 тармағында айтылған *«Неке (ерлі-зайыптылық) жасы еркектер мен әйелдер үшін он сегіз жас болып белгіленеді»* анықтамасын, он сегіз жасқа толуы деп түсінуіміз керек. Осы орайда айтып отырғанымыз некеге тұрудың төменгі жас шегі. Біздің заңнамамыз бойынша некеге тұрудың жоғарғы шегі қарастырылмаған. Яғни заңнамамыз бойынша 18 немесе 85 жастағы адамдардың некеге тұруында еш айырмашылық жоқ. Некеге тұрудың жоғарғы шегін қарастырмауы да орынды. Себебі жоғарғы шегін табиғат заңы өздігінен реттеп отырады. Осыған байланысты болса керек, көптеген дамыған шет мемлекеттердің заңнамаларымен де мұндай некеге тұрудың жоғарғы шегі қарастырылмаған. Сонымен заңнамамыз бойынша әйел мен еркектің 18 жасына толық толып, 19 жасына бастаған кезде (19 жасынан күн алабастағанда) кәмелеттік жасқа толады және осы кезде жалпы неке жасына да жеткен болып есептеледі. Осылайша азаматтар кәмелетке толған, яғни әрекет қабілеттілігі пайда болған кезде некеге тұру

мүмкіндігі де туындайды. Осылайша, жалпы неке жасы шартымен қатар басқа заң шарттары да болғанда некеге тұруына болады.

Айрықша неке жасы туралы болса НОТК 10/2 тармағы былай деген:

«Мынадай дәлелді себептер болған:

1) жүкті болған;

2) ортақ бала туған кезде неке қиюды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу орны бойынша тіркеуші органдар неке (ерлі-зайыптылық) жасын екі жылдан аспайтын мерзімге төмендетеді». Осы анықтамадан да байқайтынымыздай айрықша неке жасын реттеген ереже (норма) мәтіні қиын және математикалық есептеуді қажет ететіндей жазылған. Мұнда АХАЖ органы некеге тұрушыларда некеге тұру үшін дәлелді себептер болған жағдайда неке жасын төмендетуі мүмкін деген. Осылайша неке жасының төмендетілуі арқылы НОТК 10/1 тармағында айтылған, жалпы некеге тұру жасы шартын төмендетуге болатындығы айтылған. Мұнда дәлелді себептердің бар екендігін анықтау және осының нәтижесінде неке жасын төмендету АХАЖ органының құзыретіне берілген. Осы орайда айта кететініміз, неке жасын төмендетуді реттеген НОТК 10/2 тармағы қаншалықты дұрыс екендігі? Ал НОТЗ 10 бабының пікірімізше қалай реттелуі керек екендігін, аталған бапты талқылағаннан кейін қарастырғанымыз орынды болар. Сонымен НОТЗ 10/2 тармағының мәтіннен түсінетініміз, дәлелді себептер болған жағдайда 16 жасқа толған некеге тұрушылардың мемлекеттік тіркеу орындары бойынша азаматтық хал актілерін жазу органы олардың некелерін қиюы мүмкін.

Енді, заң мәтінімен айтсақ, неке жасын төмендетудің шарттарын жеке талқылайық:

Бірінші шарты, дәлелді себептердің болуы. Осы орайда дәлелді себептерге нақты шектеулі нысанда, жүктілік және ортақ баланың туылуы жағдайларынан басқа жағдайлар қарастырылмайды. Осы неке жасын төмендету арқылы некеге тұрудың айрықша жағдай екендігі ұмытылмағаны дұрыс. Осы себеппен, жаңа кодексіміз ескі Неке және отбасы туралы заңдағыдай кез келген болмайтын себептермен неке жасын төмендетуге жол берілуінің алдын алған. Ескі заңда: *«... дәлелді себептер болған жағдайда...»* деп, кең талқылауға мүмкіндік беретін, ал жаңа кодексіміз болса, тек екі жағдайдан басқа жағдайда неке жасын төмендету жағдайына шектеу қойған. Яғни жүктілік және ортақ баланың туылуы жағдайларынан басқа себептермен неке жасын төмендету арқылы неке қиюға мүмкіндік бермеген. Мұнда жүктіліктің некеге тұратын ерекпен байланысты болуы және ортақ баланың туылуы да некеге тұруға ниет білдірушілердің ортақ балалары болуы мәселесі түсінікті болғандықтан, оны егжей тегжейлі талқылап жатпаймыз.

Екінші шарты, неке жасын төмендетуге некеге тұрушылардың

келісімдерінің болуы тиіс. Осы талапты НОТК 10/4 тармағының мәтіні: «Неке (ерлі-зайыптылық) жасын төмендетуге тек қана некеге отырушылардың (ерлі-зайыпты болушылардың) келісімімен жол беріледі» деген. Аталған бапты қостап отырған ереже НОТК 62 бабында, 10 жасқа толған баланың өз мүддесіне әсер ететін мәселелерді шешу кезінде өз пікірін білдіру құқығы бар және оның ескерілуі мүддесіне қайшы келмесе міндетті екендігі айтылған. Сонымен қатар некенің негізіне байланысты Иоффе О.С. [3; 187], қарсылықты сүйіспеншілік және сыйластық екендігі туралы айтқан пікірі мен некенің қоғамдағы маңызын ескерсек, некеге тұрушылардың келісімінің маңызы әркім үшін де түсінікті болар.

Үшінші шарты, неке жасын төмендету туралы өтініш берілуі тиіс. Осы өтінішке байланысты НОТК 10/3 тармағы, *«Некеге отыруға (ерлі-зайыпты болуға) тілек білдірушілер және олардың ата-аналары не қамқоршылары белгіленген неке (ерлі-зайыптылық) жасын төмендету қажеттігі туындайтын себептерді көрсете отырып, неке (ерлі-зайыптылық) жасын төмендету туралы өтініш беруі мүмкін.»* деген. Осы бапты талқыласақ неке жасын төмендетуді неке жас төмендетілетін тұлға және оның ата-анасы әлде, қамқоршысы, қысқаша заңды өкілдері бере алады. Бірақ ата-аналары балаларына байланысты осы құқықтарын бірлесіп, қолданулары тиіс. Келіспеушілік жағдайында сотқа жүгіну мүмкіндіктері бар (НОТК 30/3; 68/1).

Сонымен қатар осы өтініш беруге байланысты бапта, *«... өтініш беруі мүмкін.»* деген сөз қолданылған. Осы айтылғаннан өтініш берілмей неке жасы өздігінен төмендетіледі деген мағына шығару дұрыс, болмайды. Себебі некеге тұруға өтініш беріледі да, ал неке жасын төмендетуге өтініш берілмесе де болады деп айтуда орынды болмас. Кодексіміздегі осы сөзді жүйелі түрде талқылау нәтижесінде, неке жасын төмендетуге некеге тұрушылар және олардың ата-аналары не қамқоршылары неке жасын төмендету қажеттігі туындайтын себептерді көрсете отырып, неке жасын төмендетуге өтініш берулеріне болады деген мағынада қолданылған. Себебі аталған баптағы ереже, неке жасын төмендету арқылы некеге тұрғысы келетіндерге берілген бір құқық болғандықтан заңнамамыз да өтініш берулеріне болатындары айтылған және осы өтініш негізінде кәмелетке толмағандар арасында неке жасы төмендетіліп некелері қиылады.

Ендігі талқыланатын мәселе *«... өтініш беруі мүмкін.»* деген сөз тіркесін қолдану арқылы заңнамамыз, өтінішті некеге тұрушылар және олардың ата-аналары не қамқоршылары бірлесіп немесе осылардың кезкелгені, яғни кәмелеттік жасқа толмаған некеге (тұрушы) тұрушылар немесе (оның) олардың заңды өкілдері бірге немесе әр бірі жеке бере алады мағынасында қолданып отырған болуы да мүмкін.

НОТК 10 бабы кәмелеттік жасқа толмағандардың белгілі талаптармен жалпы неке жасына толмаса да, некеге тұру үшін қажетті шарттарын және осы НОТК 10/3 тармақта айтылып отырған шарт (талап) келесі тармақтарда белгіленген шарттармен де байланысты болғандықтан, әр шартын жеке талқылап алғаннан кейін барлық шарттарды қорытып қорытынды жасағанымыз орынды болар.

Төртінші шарт, неке жасын төмендету арқылы некені тіркеу кезінде заңды өкілдерінің келісімі керек. Осыған орай НОТК 10/5 тармағында, *«Неке (ерлі-зайыптылық) жасына толмаған адамдар арасындағы немесе неке (ерлі-зайыптылық) жасына толған адам мен неке (ерлі-зайыптылық) жасына толмаған адам арасындағы некеге (ерлі-зайыптылыққа) неке (ерлі-зайыптылық) жасына толмаған адамдардың ата-аналарының не қамқоршыларының жазбаша келісімімен ғана рұқсат беріледі.»* деген. Тармақ мәтінінен, неке жасын төмендету кезінде заңды өкілдерінің келісімі керек емес, бірақ некені тіркеу кезінде қажет дегендей қанағат туындайды. Бірақ осы тармаққа баптың «Неке жасы»– деген тақырыбын ескере отырып түсінік берсек, онда неке жасын төмендету кезінде заңды өкілдерінің немесе заңды өкілінің келісімі керек деген нәтижеге жетеміз. Алайда, *«Неке жасына толмаған адамдар арасындағы немесе неке жасына толған адам мен неке жасына толмаған адам арасындағы некеге ...»* деген, осы жердегі «некеге» деген сөзден некеге тұруға деген түсінік берсек: неке жастары төмендетілгенде заңды өкілдерінің рұқсаты керек емес дейік және неке жасы төмендетілді. Енді некеге тұруларыңыз үшін заңды өкілдеріңіздің рұқсаты керек деу, біраз НОТК қалыптасу жүйесіне қайшы болады. Себебі кодексімізге қарасақ неке жасын төмендетуді және некені тіркеуді бір орган жүзеге асыратындықтан, уәкілетті орган неке жасын төмендету үшін алынған келісім, құжаттар келешекте некенің қиюлуы мақсатымен берілетіндігі анық, олай болса, кейін некені түркеу үшін тағы осындай құжаттар мен келісімдерді талап етудің мағынасы болмас. Сонымен қатар неке жасын төмендетудің мақсаты некеге тұрушылар үшін некеге тұрудың басқа шарттарының барлығы бар, тек некеге тұру үшін жастары толмаған, осылайша жастары төмендетілген жағдайда некеге тұру мүмкіндіктері туындайтын жағдайларда ғана неке жасы төмендетілуі тиіс. Осы айтылғандарға сүйене отырып неке жасын төмендету кезінде некеге тұру жасы төмендетілетін тұлғаның (тұлғалардың) заңды өкілінің немесе өкілдерінің рұқсаты алынуы тиіс деген тұжырым жасаймыз.

Бесінші шарт болса, АХАТ органының неке жасын төмендетуі. Айрықша неке жасы арқылы некеге тұру үшін жоғарыда айтылған төрт шарттың болуы жағдайымен қатар некеге тұрушылардың мемлекеттік тіркеу орны бойынша азаматтық хал актілерін жазу органы неке жасын төмендетуі тиіс. Бұл жерде неке жасын төмендетуге негіз болатын ең

негізгі шарты болған кодексте көрсетілген дәлелді себептердің бар екендігін анықтау АХАТ органына берілген. Дәлелдер анықталғаннан кейін, кодексімізде көрсетілген және жоғарыда талқыланған, жасы төмендетілетін некеге тұрушы немесе некеге тұрушылардың келісімі, заңды өкілдерінің келісімін алады. Осындай мән жайлар анықтағаннан кейін жалпы неке жасы 18 жастан 2 жылға дейін төмендетілуі мүмкін. Яғни некеге тұрушылардың ең ерте некеге тұру жасы 16 жас деген түйін шығарамыз. Сонымен қатар неке жасы міндетті түрде 2 жылға төмендетілмеуі де мүмкін. Мысалға некеге тұрушы (17 жаста десек) үшін заңмен белгіленген жалпы некеге тұру жасы (18 жас) бір жылға төмендетілуі жеткілікті болса, неке жасы бір жылға төмендетіледі. Сол сияқты бір жылдан да аз, айға да төмендетілуі мүмкін. Бірақ ең көп 2 жылға төмендетіледі. Осылайша айрықша неке жасы арқылы некеге тұратын тұлға үшін аталған тұлғаның некеге тұруы үшін дәлелді себептері немесе себебі анықталып, заңмен белгіленген жалпы неке жасы (18 жас) аталған тұлға үшін 2 жылға дейін төмендетіледі. Әрине некеге тұрушылардың аталған органның шешімі мен іс әрекеттеріне қарсы сотқа жүгіну мүмкіндіктері де бар.

Келесі кезекте жалпы неке жасы және айрықша неке жасына байланысты өз ұсыныстарымызды ұсынамыз. Олай болса, НОТК 10 бабы төмендегі мәтінде өзгертілуі орынды болар:

«10–бап. Жалпы және айрықша неке жасы.

*1. Жалпы неке жасы еркектер мен әйелдер үшін он сегіз жас.
2. Дәлелді себептер болған жағдайда он бес жасына толған некеге тұрушылардың немесе олардың заңды өкілдерінің талабымен некеге тұруларына сот рұқсат беруі мүмкін.*

3. Талап арыз, жалпы неке жасына толмаған некеге тұрушының, екеуі де жалпы неке жасына толмаған жағдайда дәлелді себепке тікелей байланысы болғанның, әр екеуінің де байланысы болған жағдайда өз таңдауларымен екеуінің біреуінің тұрғылықты жері бойынша сотқа беріледі.

4. Сот некеге тұруға рұқсат беру туралы талапты, ерекше іс жүргізу ережесі бойынша, қарау кезінде дәлелді себептерді анықтайды және некеге тұрушылардың (некеге тұрушының) заңды өкілдерінің, қорғанышы, қамқоршы органның пікірлерін, некеге тұрушылардың мүддесін ескере отырып шешім қабылдайды. Бірақ некеге тұруға рұқсат беру туралы талапты, некеге тұрушылардың келісімі болған да ғана қанағаттандыра алады.

5. Сотта қаралып отырған істің ерекшеліктері қажет еткен жағдайда, сот некеге тұруға рұқсат талап етушінің физикалық, психикалық жағдайын анықтау үшін мамандардың анықтама немесе қорытындысын талап ете алады.»

Алғаш неке жасы төмендетілу арқылы некеге тұру жағдайын біз айрықша неке жасы дегенімізге тоқталайық. Жалпы заң қалыптасуында алғаш жалпы ереже белгіленеді, осыдан кейін барып жалпы ережеге айрықша жағдайлары белгіленеді. Олай болса, НОТК 10/1 тармағында некеге тұрудың жалпы жасы айтылған. Осылайша НОТК 10 бабының 1 тармағында жалпы неке жасы айтылғандығы жайында ешқандай пікірталас туындамайтын болар деген пікірдеміз дей келе, НОТК 10/1 тармағының мәтіні былай өзгертілгендігі орынды болар, «Жалпы неке жасы еркектер мен әйелдер үшін он сегіз жас.» Сонымен біздің жалпы неке жасының 18 жас болып белгіленуіне қарсы айтарымыз жоқ. Себебі біздің құқығымызда 18 жасқа толғанда азаматтар әрекет қабілетті болатындықтан, жалпы неке жасының әрекет қабілеттілік ережесімен сәйкестік көрсетуі өте орынды.

Жалпы неке жасынан кейін, айрықша жағдайларда некеге тұру мүмкіндігі туралы өзіміз ұсынған НОТК (ҰНОТК) 10–бабы жобасының шарттарын жеке талқылайық.

– Дәлелді себептердің болуы.

Осы орайдағы дәлелді себептердің болуы айрықша неке жасы арқылы некеге тұрудың айрықша жағдай екендігінің көрсеткіші. Бұл жерде айрықша жағдайларды жеке–жеке белгілеу өте қиын және орынды болмас. Себебі адамдар арасы қатынас күн өткен сайын дамып отыр, бүгін үшін некеге тұру үшін дәлелді себеп белгілі уақыт өткеннен кейін, дәл бұрынғы мағынада дәлелді себеп болудан шығып қалуы әбден мүмкін. Дәлелді себептерді нақты белгілеп отырған және қазір күшінде болған НОТК 10/2 тармағы бойынша неке жасын төмендетуде айтқан себептермен ғана (жүктілік және ортақ баланың туылуы) шектеліп қалуға болмайды, сол себепті оқиғаның ерекшеліктерін ескере отырып сот анықтағаны орынды. Осылайша жалпы неке жасына толмаған тұлғалардың дәлелді себептерді анықтауда ескерілетін жәйт ол: дәлелді себептерге сүйеніп, некеге тұрушының некеге тұруында мүддесінің болуы. Мысалға, қарақшы тарапынан зорланған және жүкті болып қалған әйелдің сол қарақшымен некеге тұруында, оқиғаның ерекшелігінен басқаша туындамаса, еш мүддесі жоқ деуге болады. Осыдан шығаратынымыз: айрықша неке жасымен некеге тұру себептерін анықтауда әр оқиғаның ерекшеліктері ескеріліп анықталуы тиіс және төменде қарастырылатын басқа да шарттар мен бірге қарастырылу арқылы сот анықтауы тиіс. Қортыта келе жалпы неке жасына толмаған тұлғаның некеге тұруында мүддесінің болуы, соттың істі қарау кезінде ескерілетін басты мәселе болуы керек.

– Некеге тұрушылардың он бес жасқа толуы.

Айрықша неке жасын төмендетуге бізге себеп болған жағдай ол, елімізде 15 жаста бала туу жағдайлары, осы жағдай некеге тұруға дәлелді себептердің ішінде ең көп кездесетіні жүктілік. Статистикалық ақпараттардан [4] байқайтынымыздай, 2007-2014 жылдар аралығында жалпы елімізде 1000 әйелден 500-550-і балалы болады екен. Олардың ішінен орташа ақпарат шығарсақ, 20–24 жас арасында 146-160 әйел, ал 15–19 жас арасында болса 29-36 әйел балалы болуда. Яғни 15–19 жас арасындағы жастардың бала туу жағдайы жалпы туу санының 6-7% құрайды. Алайда тек 15 жастағы әйелдер туралы статистика жасалмаған. Бірақ статистикада 15 жастың болуының өзі осы жаста жүкті болып, балалы болу жағдайы елімізде кездесетіні үшін жеткілікті болар. Аталған көрсеткіш батысқа қарай ұлғая түсіп, 15–19 жас арасындағы жас аралығында 45-54-ке дейін жетуде. Сонымен осы жаста босанған әйелдердің неке тұра алмайтындығын ойласақ, анасы 15 жаста туған балалар толық бір отбасында тәрбиелене алмайды деген түйін жасай аламыз. Пікіріміз, некеге тұрушылар он бес жаста болса да, егер олар толыққанды отбасы бола алатын мүмкіндікте болса, неге бір отбасын құруларына рұқсат бермеске?. Конституциямыздың (ҚРК) 26 бабы да осыны айтқысы келген болар, «Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу ата-ананың етене құқығы әрі міндеті.» (ҚРК 26/2) Осылайша олар некеге тұру арқылы, мүмкіндігінше өз балаларымен бірге, толыққанды бір отбасы болу мүмкіндіктеріне ие болады. Осы айрықша неке жасын төмендету жағдайы тек жүктілік жағдайына байланысты емес екендігін, жоғарыда дәлелді себептер шартын талқылау кезінде қарастырған едік.

Жоғарыда айтылғандар жарығында, айрықша неке жасы арқылы некеге тұру үшін, өмірде туындауы мүмкін айрықша жағдайлардың болуы жеткіліксіз, сонымен қатар некеге тұрушылардың он бес жасында болуы тиіс.

Доктринада айрықша неке жасының төмен болуына қарсы пікір айтушыларда бар [1;120]. Айтылған қарсы пікірлерді екі топта жинақтауға болады. Біріншісі, осындай төмен неке жаста некеге тұруды талап етушілердің аз болуы. Бұл да табиғи, алайда осылай некеге тұрудың айрықша жағдай екенін «айрықша некеге тұру жасы»–деген аты айтып тұр. Яғни, айрықша неке жасы арқылы некеге тұру айрықша жағдай. Осыған сүйеніп, бұл пікірдің заңды негізі бар бір пікір деп айта алмаймыз, себебі ондай жағдай аз кездеседі деп заңмен қарастырмау, бір құқық мемлекетіне жат негіз болар. Екіншісі: мұндай төмен жаста некеге тұрушылардың неке құру қабілеттілігінің күдіктілігі. Мұнда күдікті мүмкіндігінше азайту мақсатымен жобамызда, осындай төмен жаста некеге тұруға рұқсат беруді сотқа жүктеп отырмыз және сот рұқсат беру кезінде, дәлелді себепті анықтайды, некеге тұрушылармен олардың заңды

өкілдерін тыңдайды, сонымен қатар қорғаншы, қамқоршы органның пікірін алады, тіпті қажет деп тапса, физикалық, психикалық жағдайын анықтау үшін тиісті мекемелерден анықтама мен қорытынды да талап ете алады. Осылайша істі сотта қарау нәтижесінде жоғарыдағы пікірде айтылған күдік мүмкіндігінше азайтылды.

– Кәмелеттік жасқа толмаған некеге тұрушылардың келісімі керек.

Кәмелеттік жасқа толмағандардың дәлелді себептердің болуы себепті некеге тұруларына байланысты рұқсат беру мәселесін сот қарау кезінде некеге тұрушылардың келісімін де алуы қажет. Некенің құқықтық табиғатына байланысты көптеген пікірлер айтылуда және басымдық тапқан пікір, некенің отбасы құқығы саласындағы өзіндік ерекшелігі бар келісім шарт екендігі жайында [7]. Олай болса, келісім шарттардағы негізгі қағида: тараптардың еріктерінің бір-біріне сәйкес болып толықтырған да ғана келісім шарт жасалған болып, құқықтық нәтижелерін (салдарын) туғызуы. Осы айтылған мәселені НОТК 1 бабында, некеге берген анықтамасында да қайталайды. Онда: «ерлі-зайыптылар арасындағы мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді туғызатын, отбасын құру мақсатында Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен тараптардың ерікті және толық келісімімен жасалған еркек пен әйел арасындағы тең құқықты одақ;» – делінген. (НОТК 1). Сол сияқты НОТК некеге тұрудың жалпы материалдық шарттарына байланысты 9-бабының 1-тармағында да былай деген: «Неке кию (ерлі-зайыпты болу) үшін некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын) еркек пен әйелдің ерікті әрі толық келісімі және олардың неке (ерлі-зайыптылық) жасына толуы қажет.». Осыдан туындайтыны тараптардың жалпы неке жасында (он сегіз) немесе айрықша неке жасында болсын (он бес жас) барлық жағдайда қажет етеді. Яғни олардың жастарына қарамастан айрықша неке жасы арқылы некеге тұруға рұқсат беру кезінде екеуінің де келісімі міндетті түрде қажет. Себебі, неке жасын төмендету арқылы неке-деген өзіндік ерекшелігі бар келісім шарт жасалғалы отыр. Мысалға еркек 18 жаста, ал әйел 15 немесе 16 жаста болса тек әйелдің емес еркектің де келісімі міндетті түрде қажет. Осы айтылған бойынша жалпы некеге тұрудың шарттары болып табылатын еріктің болуы, айрықша некеге тұру жағдайында да керекті. Бірақ еріктің жарамды болуы тиіс, яғни еріктің қалыптасу (пікірде) кезінде және осы пікірде қалыптасқан ерік баяндалғанда (сыртқа білдірілу кезінде) ақаулық болмауы керек.

Ал айрықша неке жасы арқылы некеге тұруға рұқсат талап еткеннің аталған келісімінің, яғни еркінің қаншалықты жарамды (дұрыс, ақаусыз) екендігін, іс сотта қаралғандықтан, сот анықтайды.

– Некеге тұруға рұқсат беру туралы шешімді сот шығаруы керек.

Күшіндегі кодексімізде, неке жасын төмендету арқылы некеге

тұру үшін АХАТ органына өтініш беріледі және неке жасы төмендету үшін кодексімізде белгіленген себептер болған жағдайда жалпы некеге тұру жасы төмендетіледі. Осы мәселеге байланысты, АХАТ органы заңнамада белгіленген жүктілік немесе ортақ баланың туылуы жағдайларын анықтайды және заңды өкілдерінің жазбаша келісімін алып неке жасын төмендетеді. Яғни некеге тұрушылардың некеге тұруында мүддесі бар жоғын анықтамайды және қажет болған жағдайларда тиісті сараптама жасату құзыреті де жоқ, тек қана, себептер болса, заңды өкілдердің келісімі болса неке жасын төмендетіп, некені қияды. Осылайша азаматтардың жеке құқықтық жағдайын өзгертетін мәселелерге байланысты шешімдерді қабылдап, талқылауы, тіпті ол азаматтың аталған құқығының туындап, туындамағанын анықтауы соттың құзыретінде болғаны орынды болар.

Жобамызға сәйкес айрықша неке жасы арқылы некеге тұруға рұқсат беру туралы талаптың сотта қаралуын талқылауды жалғастырсақ, талап арызды кімдердің бере алатындығына тоқталайық. Талап арызды он сегізге, яғни жалпы неке жасына толмаған бірақ он бес жасына толған некеге тұрушы талап ете алады. Әрине некеге тұруына рұқсат берілуінде өзінің мүддесі бар тұлға, яғни некеге тұрушылардан кәмілеттік жасқа толғаны да мүдделі болғандықтан, талап ете алуы тиіс. Сонымен қатар олардың заңды өкілдері, яғни ата-анасы немесе қамқоршысы да талап ете алуы тиіс. Ал екеуі де он сегізге толмаған болса, екеуі де немесе олардың заңды өкілдері.

Келесі мәселе болса, айрықша неке жасына байланысты некеге тұруға рұқсат беру ісін қараудағы соттылық мәселесі, алайда аталған мәселе материалдық құқық саласымен байланысты болмаса да, істің ерекшелігі ескеріліп, материалдық құқықта реттелуіне жол бердік. Ал соттылық мәселесі іс жүргізу құқығында істің қаралып шешілуінде экономикалық, істің мерзімдік тұрғыдан тез шешілуі және іске байланысты мән жәйлардың анықталуында тиімділік туғызатындықтан, соттылық тұрғысынан істі қарайтын сотты анықтауда, егер некеге тұрушылардың біреуінің ғана жасы жалпы неке жасына толмаған болса, соның тұрғылықты жеріндегі сотта қаралғаны орынды. Себебі соттың шешімі ең алдымен аталған тұлғаның құқықтық жағдайына байланысты болғандықтан, осы тұлғаның тұрғылықты жерінде істі қарау, істің тез және тиімді шешілуіне оңтайлы болар. Егер екеуінің де жалпы неке жасына (он сегізге) толмаған болса, айрықша неке жасына байланысты некеге тұрудағы дәлелді себепке кімнің тікелей байланысы болса соның тұрғылықты жерінде іс қаралғаны дұрыс. Яғни дәлелді себепке байланысы болған тұлға деп, осы дәлелді себеп кімге байланысты туындап отырса, аталған тұлғаны айтамыз. Мысалға, жүктілік жағдайында дәлелді себеп әйелдің жүктілігі, осыған орай да дәлелді

себепке байланысы бар тұлға әйелді айтамыз. Сол сияқты ауыр науқастық жағдайында дәлелді себепке байланысы бар тұлға науқас. Осылайша бірінші мысалда жүкті әйелдің, екінші жағдайда ауыр науқастың тұрғылықты жері істі қарайтын сот болып табылады. Ал егер айрықша некеге тұруға дәлелді себеп екеуіне де байланысты болса, талап арыз берушінің таңдауы бойынша екеуінің біреуінің тұрғылықты жері бойынша сотқа беріледі.

Сот некеге тұруға рұқсат беру туралы талапты, ерекше іс жүргізу ережесі бойынша қарайды. Яғни Азаматтық Іс Жүргізу Кодексіміздің екінші бөлімінің төртінші кіші бөліміне, «Айрықша неке жасына толғандардың некеге тұруына соттың рұқсат беруі» –деген тағы бір тарау енгізілуі тиіс. Істің ерекше іс жүргізу ережесі бойынша қаралуында еш пікірталас жоқ деп ойлаймын. Себебі мұнда тараптар арасында дау жоқ, яғни мұнда сот істі қарау кезінде: дәлелді себептердің бар–жоғын анықтайды және он бес жасқа толған бірақ, он сегізге толмаған некеге тұрушылардың немесе некеге тұрушының заңды өкілдерінің, қорғаншы қамқоршы органның пікірлерін тыңдап, айрықша неке жасы арқылы некеге тұрушының мүддесіне сәйкес шешім қабылдайды. Осының нәтижесінде сот некеге тұруға рұқсат беріп талапты қанағаттандырады немесе рұқсат бермейді де талабын қанағаттандырмайды. Осылайша істі шешуге байланысты құқықтық мән жайларды анықтайды.

Істі қарау барысында сот некеге тұруға рұқсат талап етілушінің физикалық, психикалық жағдайын анықтау үшін мамандандырылған медициналық ұйым немесе мамандардың анықтамасын, қорытындысын талап ете алуы да қажет. Мұнда жалпы неке жасына толмаған бірақ айрықша неке жасына толғанның некеге тұруына рұқсат беру кезінде сот қажет деп тапса, некеге тұрушының физикалық, психикалық жағдайы туралы анықтама талап етуі мүмкін. Бұл жерде айрықша неке жасына толған тұлғаның некеге тұруының қаншалықты мүддесіне және некені, басқа сөзбен айтқанда отбасын, құру үшін некеге тұрушының физикалық және психикалық жағдайының мүмкіндігін сот тарапынан анықталуы да маңызды.

Осылайша сот жоғарыдағы мән жайларды анықтағаннан кейін айрықша неке жасы бойынша некеге тұрушының немесе тұрушылардың некеге тұруы олардың мүддесіне деген қанағатта болса, онда олардың некеге рұқсат берілуі туралы шешім шығарады. Осы шешім заңды күшіне енгеннен кейін АХАТ органына жіберіледі және осы шешім негізінде айрықша неке жасына байланысты АХАТ органына тіркеліп, неке қию туралы куәлік беріледі.

Айрықша неке жасы бойынша, өзіміз ұсынған, некеге тұру жағдайын қорытсақ, НОТК 10 бабы жоғарыдағы мәтінде өзгертілуі тиіс. Осылайша он бес жасқа толған тұлғалар деләлді себептерін көрсете

отырып, өздерінің неке қиюларына рұқсат берілуін соттан талап етеді, ал сот істі ерекше іс жүргізу ережесі бойынша заңда белгіленген тәртіпте, жан жақты қарап рұқсат беру туралы шешім шығаруы мүмкін. Осындай соттың шешімі негізінде ғана АХАТ органы некені тіркеуі тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 ҚР Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексі. Алматы: ЮРИСТ баспасы, 2015.
- 2 Антокольская М.В. Семейное право / М.В. Антокольская. – М: Юрист, 1999. – 365 с.
- 3 Иоффе О.С. Советское гражданское право / О.С. Иоффе. – Ленинград: Юрид. Лит. – Том 3. – 1965. – 650 с.

А. Amankozhayev¹

¹Suleyman Demirel University, Kaskelen, Kazakhstan

LEGAL PROBLEMS OF MARRIAGEABLE AGE WHO WISH TO MARRY

Abstract: The article serves the marriage age and the conditions of the reduction of marriage age by the civil registration office in the Republic of Kazakhstan. During the discussion of the relevant rules, it is forming resumes and taking into account the comments in doktrines.

In law about “Marriage (matrimony) and Family”, rules about the works that the solution case involving the issue of lowering the age of marriage is removed from duties of the body of civil registration and instead of this, it is transferred to the competence of the court, are recommended. The new text is proposed about the changes on the tenth paragraph in rule. It is offered definitions and these are discussed. Changes about the law of “marriage (matrimony) and the family” on the tenth paragraph related to the consideration case by the court are also made in Civil Procedure law rules.

Key words: Marriage age, lowering the age of marriage, pregnancy, marriage, the birth of a child in common marriage, marriage registry office.

Аманкожаев А. А.

¹Университет имени Сулеймана Демиреля, Каскелен, Казахстан

ПРАВОВЫЕ ВОЗРАСТНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ЖЕЛАЮЩИХ ВСТУПИТЬ В БРАК

Аннотация: В этой статье рассматриваются условия для снижения брачного (супружеского) возраста со стороны регистрирующего органа, указанные в десятой статье под темой «Брачный (супружеский) возраст» в Кодексе Республики Казахстан «О браке (супружестве) и семье». В этой

статье при обсуждении условий для снижения брачного возраста особое внимание уделено на пробелы в нормах указанной статьи семейного кодекса и мнения в доктрине по этой теме.

Рассматривается решение проблем по передаче полномочия регистрирующего органа (ЗАГС) в Суд, регулированные в Кодексе Республики Казахстан «О браке (супружестве) и семье», связанные с снижением брачного (супружеского) возраста. Изложена измененная проектная редакция десятой статьи Кодекса Республики Казахстан «О браке (супружестве) и семье», связанная с снижением брачного возраста и рассмотрением дела не в органе ЗАГС, а в Суде. Представлен проект изменения, связанного с рассмотрением дел по снижению брачного возраста не только в десятой статье Кодекса Республики Казахстан «О браке (супружестве) и семье», а также и в других нормативных правовых актах, как, например, Гражданский процессуальный кодекс РК.

Ключевые слова: Брачный возраст, регистрация брака при беременности, условия снижения брачного возраста, несовершеннолетие, ЗАГС, правовые проблемы брачного возраста, ст. 10 КоСБ 10.

МРНТИ 10.81

Б.А. Салаев¹

¹*Университет имени Сулеймана Демиреля, Каскелен, Казахстан*

СУЩНОСТЬ, ФОРМЫ И МЕТОДЫ УСТАНОВЛЕНИЯ ЛИЧНОСТИ ПО ВНЕШНИМ ПРИЗНАКАМ

Аннотация: В данной статье рассматриваются значения, сущность, формы и методы установления личности по внешним признакам при раскрытии и расследовании преступлений, как одного из частных методов познания, используемых в доказывании.

Несмотря на совпадения результатов установления личности (вообще) и отождествление (идентификация) личности, показано различие их природы. Они относятся друг к другу как общее к частному. Общая задача – процесс многоступенчатый, который может быть реализован в различных формах (розыск - задержание, опознание, экспертиза). Частная задача – конкретный факт отождествления в той или иной форме.

Также показаны различия между установлениями личности вообще и отдельными его формами по субъектам этих действий и оформлению результатов применения этих форм.

В статье особое внимание уделено понятию и системе методов установления личности по признакам внешности и особенностям